АҢДАТПА

Жанна Дюсембектің «8D02206 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «1831–1869 жж. Қазақ даласындағы дистанциялық және жергілікті бастықтар институты» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

Зерттеу жұмысының сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу 1831–1868 жылдар аралығында Орынбор ведомствосына қарасты қазақтар аумағында дистанциялық және жергілікті бастықтар институтының қалыптасуы мен қызмет ету мәселелерін зерттеуге арналған.

Зерттеудің өзектілігі. Империялық орталықтың шет аймақтардағы саясатын зерттеудің қазіргі үрдістері империялық құрылымдардағы жергілікті элиталардың субъектілігін (агенттігін) атап көрсететін микроисториялық тәсілдерге көшуді баса назарға алады. Жекелеген өңірлерді микроистория аясында зерттеу тарихи үдерістің егжей-тегжейлерін – бастықтарды тағайындау тетіктерін, олардың күнделікті қызмет тәжірибесін, қақтығыстары мен өзара іс-қимылдарын түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақ даласында жергілікті басқарудың институционалдану үдерістерін зерттеу өзекті болып табылады. Біріншіден, аталған институт XIX ғасырдағы Қазақ даласында Ресей империясының әкімшілік басқару жүйесінің төменгі буыны құрап, империялық орталық пен қазақ көшпелі халқының өзара байланысын қамтамасыз етті. Екіншіден, бұл басқару жүйесінің қызмет ету логикасын түсіну қазіргі кезеңде әкімшілік саясаттың қалыптасу үдерістерін түсінуге негіз болады.

Дистанциялық және жергілікті бастықтар институтын зерттеудің мәселелілік сипатын айқындайтын негізгі факторларға мыналар жатады:

- тарихи зерттеулердің бөлшектенген сипаты және дистанциялар мен жергілікті бөлімшелердің құрылуы, олардың құрылу себептері мен Қазақ даласына енгізілу динамикасы, олардың локализациялану логикасы мен әкімшілік-аумақтық құрылымы мәселелерінің жеткіліксіз зерттелуі;
- интеграциялық үдерістер жағдайында қазақ ақсүйектерінің өкілдері мен өңірлік әкімшілік арасындағы қарым-қатынастарды талдаудың кешенді үлгілерінің болмауы;
- даладағы империялық болмысты сыни тұрғыдан қайта пайымдаудың жетіспеушілігі, бұл жағдай Қазақ даласы аумағындағы империялық саясатты кешенді, жүйелі және объективті зерттеуді, сондай-ақ жан-жақты талдауды қажет етіп, дистанциялық басқару институтын енгізу механизмдері туралы жаңа түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Зерттелу деңгейі. Зерттеу мәселесінің зерттелу деңгейі революцияға дейінгі, кеңестік және қазіргі отандық әрі шетелдік әдебиеттерді талдау арқылы қарастырылды (ұсынылып отырған диссертацияның 1.2-бөлімін қараңыз).

Революцияға дейінгі тарихнама Г.Ф. Генс, А.И. Левшин, И.И. Крафт, И.М. Қазанцев, А.И. Добросмыслов, Л. Мейер, А.В. Васильев, А.Е. Алекторов, Н.И. Ильминский, И.Ф. Бларамберг сияқты авторлардың еңбектерінде көрініс тапқан. Олардың еңбектері империяның әкімшілік саясаты мен дистанциялық басқару жүйесі туралы құнды деректерді қамтиды, алайда олар негізінен баяндау сипатында жазылған.

Кеңестік кезеңде империяның әкімшілік саясаты, отаршылдық жүйе, сондай-ақ ағарту мәселелеріне арналған еңбектер жарияланды. Олардың қатарына Е.Б. Бекмаханов, С.З. Зиманов, А.Ф. Рязанов, Т.Т. Тәжібаев еңбектері жатады.

Посткеңестік кезеңде Қазақ даласындағы империяның әкімшілік басқару саясатын түсінудің жаңа кезеңі басталды. Мұның дәлелі Ресей империясының саясатын зерттеуге арналған еңбектер, атап айтқанда Б.М. Абдрахманова, Г.Б. Избасарова, Д.В. Васильев, И.В. Побережников, Р. Почекаев, Г.С. Сұлтанғалиева, Т.Т. Далаева, С.К. Удербайева, М. Абдрахим зерттеулері болып табылады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты – Орынбор ведомствосының қазақтары мекендеген аумақта империяның әкімшілік саясатын жүзеге асыру барысында дистанциялық және жергілікті бастықтардың функционалдық рөлі мен қызметін жүйелі түрде қайта қалпына келтіру, сондай-ақ олардың өңірлік әкімшілікпен жүйеішілік және деңгейаралық өзара іс-қимылдарын модельдеу.

Зерттеу міндеттері мынадай мәселелерді ретімен шешуге бағытталған:

- зерттеудің концептуалдық негізін әзірлеу;
- мәселе бойынша тарихи әдебиеттерді сыни талдау;
- Орынбор ведомствосының қазақтары мекендеген аумақтағы дистанциялар мен жергілікті бөлімшелердің сандық көрсеткіштерін және геоәкімшілік орналасуын анықтау;
- дистанциялар аясында қазақ руларының қоныстануының аумақтық құрылымын қайта қалпына келтіру;
-қазақ көшпелі элитасының өкілдерін империяның әкімшілік қызметіне тарту үдерісіндегі стратегиялық және тактикалық тәсілдерді анықтау;
-дистанциялық және жергілікті бастықтардың жеке деректерін (әлеуметтік шығу тегі, білімі, қызмет орны) анықтау;
-қазақтардың дистанциялық және жергілікті бастықтардың қызметін қабылдауын талдау;
-қазақ көшпелі ақсүйектерінің Орынбор әкімшілігімен ынтымақтастығының себептерін анықтау.

Зерттеудің әдіснамасы. Зерттеудің әдіснамасы жаңа империялық тарих, жергілікті тарих және микроисториялық көзқарас аясында қалыптасты. Бұл дистанциялық және жергілікті бастықтар институтын жай ғана әкімшілік құрылым ретінде емес, империялық билік пен қазақ көшпелі

элитасы арасындағы жергілікті деңгейде жүзеге асырылған басқару, делдалдық және ынтымақтастық практикаларының жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеуде просопографиялық әдіс, типологиялық жіктеу әдісі және жүйелі талдау әдісі қолданылды.

Зерттеудің деректік негізі. Мәселе бойынша деректанымдық талдау жазба деректердің кең ауқымына негізделеді және олар мынадай топтарға бөлінеді:

Заңнамалық актілер. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ресей империясының заңнамалық құжаттары ерекше маңызға ие. Олардың қатарына 1824 жылғы «Орынбор өлкесін басқаруды қайта құру туралы Азия істері комитетінің бекітілген пікірі» («Орынбор қазақтары туралы жарғы»), 1844 жылғы 14 маусымдағы «Орынбор қазақтарын басқару туралы ереже», Ресей империясы заңдарының толық жинағы (РЗТЖ, 19-т., №17998) және Шекаралық комиссия жанындағы қазақ балалары мектебі туралы ереже (РЗТЖ, 19-т., №17999) жатады.

Архив құжаттары**.** Екінші топқа Орынбор шекаралық комиссиясының іс жүргізу құжаттары кіреді. Олар ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатында (Алматы, Қазақстан), Орынбор облысының Біріккен мемлекеттік мұрағатында (Орынбор, Ресей), Ресей мемлекеттік әскери-тарихи мұрағатында (Мәскеу, Ресей), Ресей империясының сыртқы саясат мұрағатында (Мәскеу, Ресей) және Грузияның Орталық мемлекеттік тарихи мұрағатында (Тбилиси, Грузия) сақталған.

Ресми анықтамалық және статистикалық материалдар, атап айтқанда мекенжай күнтізбелері, анықтамалық және естелік кітаптар.

Мерзімді басылым материалдары, атап айтқанда 1898 жылғы «Торғай газетінің» жарияланымдары.

Ауызша әдебиеті материалдары**.** XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей империясының далалық кеңістікті игеру бағытындағы отаршылдық саясатының белсендірілуі «Зар заман» дәуірінің ақындары мен жырауларының шығармаларындағы басты тақырыпқа айналды .

Жарияланған құжаттар жинақтары**.** Олардың қатарына «Қазақстанның саяси құрылысы тарихы бойынша материалдар» (1960) [33, 214–215-бб.] және «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары» (1964) құжаттар мен материалдар жинағы [34, 256-б.] кіреді.

Посткеңестік кезеңде «Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық күресі» (1996), «Қазақ халқының XVIII ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы» (2019), «Қазақстанда орыс саяси басқару жүйесін енгізу бойынша материалдар» (1999), «Құжаттар мен материалдардағы Қазақстан тарихы» (1-шығарылым), «Құрметті және ықпалды ордыншылар туралы» («XVI–XX ғасырлардағы орыс дереккөздеріндегі Қазақстан тарихы» сериясына енген) және «Ресей империясы қызметіндегі қазақ шенеуніктері» құжаттар жинақтары жарық көрді.

Зерттеу нысаны – XIX ғасырдың бірінші жартысында Орынбор ведомствосының қазақтары мекендеген аумақтағы Ресей империясының отаршылдық әкімшілік басқару жүйесі.

Зерттеу пәні – 1831–1868 жылдардағы Қазақ даласында дистанциялық және жергілікті бастықтар институтының қызмет ету ерекшеліктері, олардың әлеуметтік құрамы, өкілеттіктері мен қызмет бағыттары, сондай-ақ дәстүрлі билік жүйесінің трансформациясындағы рөлі.

Диссертацияның хронологиялық шеңбері XIX ғасырдың 30-жылдарында Орынбор ведомствосының қазақтары мекендеген аумаққа жаңа әкімшілік құрылымдардың енгізілу кезеңінен басталып, XIX ғасырдың 60-жылдарының соңында дистанциялық жүйе таратылып, басқарудың төменгі буынында болыстық жүйенің енгізілуімен аяқталады.

Диссертацияның аумақтық шеңбері әкімшілік реформалар нәтижесінде Батыс, Орта және Шығыс бөліктерге бөлінген Кіші жүз қазақтарының көшіп-қону аумағымен анықталады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Орынбор ведомствосының қазақтары мекендеген аумақта қызмет еткен дистанциялар мен жергілікті бөлімшелердің географиялық орналасуы анықталды;
- жаңа дистанциялардың (№32–41) құрылу үдерісіне қазақтардың қатысуы қарастырылды;
- дистанциялардың шекаралық сызыққа жақын, далалық және «ерекше» категорияларын анықтай отырып, олардың типологиясы жасалып, аумақтық принцип бойынша олардың сандық қатынасы белгіленді;
- шекаралық сызыққа жақын, далалық және «ерекше» дистанциялардың қызмет ету кезеңдері ұсынылды;
- жүйелі әдіс арқылы рулардың қоныстану аумақтарының шекаралары мен дистанциялар және жергілікті бөлімшелер аясындағы маусымдық көшіп-қону маршруттары қайта қалпына келтірілді;
- Орынбор және Батыс Сібір ведомстволарының қазақтары арасындағы далалық ішкі жылжымалы шекаралар көрсетілді;
- алғаш рет 144 дистанциялық бастық пен 298 жергілікті старшыннан тұратын тұлғалық деректер корпусы жүйеленіп, қазақ лауазымды тұлғаларының әулеттері (Бикбулатовтар, Сюғалиндер, Бабасовтар) анықталды;
- алғаш рет дистанциялық және жергілікті бастықтарды тағайындау механизмі, оларды бекіту рәсімдері, сондай-ақ оларды дистанциялар мен жергілікті бөлімшелер бойынша бөлу практикасы анықталды;
- көшпелі қоғамдағы сұлтан-әкім – дистанциялық бастық – жергілікті бастық түріндегі биліктің жаңа вертикалы көрсетілді;

- дистанциялық және жергілікті бастықтардың өңірлік әкімшілік пен сұлтан-әкімдермен өзара іс-қимылы тұрғысындағы функционалдық міндеттері анықталды.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Дистанциялық және жергілікті бастықтар институтын зерттеудің теориялық шеңбері аталған институт дәстүрлі көшпелі биліктің элементтерін империялық басқару практикаларымен үйлестірген төменгі буынды әкімшілік басқару буыны болғанын көрсетті. Зерттеу ынтымақтастық (коллаборационизм) теориясын (Р. Робинсон), шекаралық аймақ (фронтир) теориясын (Ф. Тернер, А. Каппелер, Т. Тебаев, И.В. Побережников, Р. Почекаев) және өңірлік тәсілді (А. Каппелер, К. Мацузато, А. Ремнев) қолдану негізінде жүргізілді.
2. 1831 жылы құрылған дистанциялық басқару жүйесі көпдеңгейлі әкімшілік-аумақтық құрылымды білдірді. Дистанциялардың құрылу хронологиясын талдау негізінде олардың қызмет ету кезеңдері ұсынылды: шекаралық сызыққа жақын (1831–1840 жж.), далалық (1841–1850 жж.) және «ерекше» (1848–1850 және 1862–1867 жж.) дистанциялар.
3. Қазақ көшпелі элитасының өкілдерін дистанция және жергілікті бөлімше бастықтары лауазымдарына тағайындау үдерісі анықталып, белгілі бір кандидатты лауазымға ұсынуда өңірлік биліктің де, жергілікті халықтың да мүдделері айқындалды.
4. Дистанциялық және жергілікті бастықтардың функционалдық міндеттері (кібиткеден салық жинау, дистанция ішіндегі тұрақты жағдайды қамтамасыз ету, қазақ руларының көшіп-қонуы туралы мәліметтер жинау және т.б.) олардың империялық басқару жүйесіне қаншалықты тартылғанын көрсетеді.
5. Биліктің вертикалі (жергілікті бастықтар дистанциялық бастықтарға, ал дистанциялық бастықтар сұлтан-әкімдерге бағынды) өңірлік әкімшілікке тікелей өтініш білдіру және хабарлама жолдау мүмкіндігімен үйлесіп, жүйенің икемділігін қамтамасыз етіп, дистанциялық және жергілікті бастықтарды империялық биліктің агенттеріне айналдырды.
6. Дистанциялық және жергілікті бастықтардың отбасыларынан шыққан қазақ балаларының Шекаралық комиссия жанындағы қазақ мектебінде оқуы «әлеуметтік инженерияның» болғанын және орыс оқу орындарында білім алып, көшпелі халық пен өңірлік билік арасында делдал болған жаңа көшпелі элитаның қалыптасқанын дәлелдейді.
7. Дистанциялық және жергілікті бастықтар гибридтік билік нысанын ұсынды. Бір жағынан, олар өңірлік әкімшілік тағайындағандықтан империялық биліктің өкілдері болса, екінші жағынан, олар өз руының мүддесін қорғаған қазақ көшпелі қоғамының өкілдері болды.

Диссертацияның ғылыми және практикалық маңызы. Зерттеу қазақстандық тарих ғылымының дамуына ықпал етіп, қоғамдық сана-сезімнің өсуіне ықпал жасайды. Зерттеу нәтижесінде алынған

қорытындылар тарихи өткен тәжірибені әкімшілік басқару жүйесін дамытуға пайдалануға мүмкіндік береді. Зерттеудің нәтижелері Қазақстанның жаңа тарихы бойынша оқу жоспарларына және оқу басылымдарына енгізілуі мүмкін.

Диссертацияның апробациясы. Зерттеудің негізгі нәтижелері мен қорытындылары 2020–2025 жылдар аралығында конференция материалдарында (2 мақала), Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда (2 мақала), сондай-ақ Scopus деректер базасына енген, Q1 квартилдегі журналдарда (2 мақала) жарияланды. Барлығы – 6 мақала. Зерттеудің жекелеген бөлімдері «Change and Challenge» (Ливерпуль университетінің 2022 жылғы тарих бойынша PhD докторанттарының жылдық конференциясы), «XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы қазақ көшпелі қоғамындағы әлеуметтік мобильділік мәселесі: нысандары, мүмкіндіктері және себептері» тақырыбындағы Орталық Азияны зерттеу жөніндегі Еуропа қоғамының (ESCAS) 2023 жылғы конференциясы, сондай-ақ Ұлыбританиядағы PAULSEN қоры ұйымдастырған, 2024 жылғы 27–30 маусымда өткен «Ресей империясы ұлы держава және көұлтты саяси бірлестік ретінде» халықаралық конференциясында баяндамалар түрінде ұсынылды.

Диссертацияның құрылымы. Жұмыс кіріспеден, төрт тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған деректер мен әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.